

ЦИТАТА ДНЯ

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,
ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДА-
ТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ»:

«НАМ УДАЛОСЬ
ПЕРЕЛОМИТЬ
ОТНОШЕНИЕ
НАШИХ ПАРТ-
НЕРОВ. ГРУЗО-
ОТПРАВИТЕЛИ И
ГРУЗОПОЛУЧАТЕ-
ЛИ УВИДЕЛИ, ЧТО
ЕСТЬ ЯСНАЯ, ЧЕТ-
КАЯ ПОЛИТИКА,
ТВЕРДЫЕ ТАРИФЫ,
ПРАВИЛА ИГРЫ ПО
ИСПОЛЬЗОВАНИЮ
ВАГОННОГО ПАРКА.
В ПРОШЛОМ ГОДУ,
НЕСМОТРЯ НИ НА
ЧТО, МЫ ВЫПОЛНИ-
ЛИ ВСЕ 100%
ЗАЯВОК»

ДОСТИЖЕНИЕ

ПРОРЫВНОЙ ПРОЕКТ

Проект «Интегрированная система планирования» стал одним из финалистов престижной международной премии в инновациях SAP Innovation Awards.

Международная премия SAP Innovation Awards ежегодно отмечает достижения компаний и специалистов, использующих решения SAP для трансформации бизнес-процессов, а также внедряющих инновации на пути к интеллектуальному предпринятию. Номинанты делятся с коллегами по всему миру экспертизой использования передовых технологий для повышения эффективности бизнеса.

В этом году в конкурсе участвуют более 250 компаний, среди которых такие известные как Mercedes-Benz, Coca-Cola, Goldman Sachs, L'Oréal и другие.

Участие проекта в премии мирового масштаба – большое достижение АО «НК «ҚТЖ», что особенно важно в рамках реализации государственной программы «Цифровой Казахстан».

Напомним, проект «Интегрированная система планирования» является одним из ключевых, направленных на повышение операционной эффективности компании. Главная его цель – совершенствование процесса планирования на всех этапах – от определения спроса и производственного планирования до утверждения стратегических финансовых показателей. Проект коснется всех уровней планирования – от стратегического до оперативного.

Интегрированная система планирования реализуется с применением инновационных технологических решений, таких как машинное обучение и большие данные. Вместо ручного сбора данных для составления прогноза будут использоваться современные математические модели, IT-инструменты прогнозирования и оптимизации с возможностью дальнейшей интеграции планов всех подразделений, участвующих в процессе.

Детализация планирования изменится до уровня направления грузопотоков и вагонопотоков по всем видам сообщения, эксплуатационных показателей по поездоучасткам, родам грузов и подвижного состава, видов перевозок и тяги, с учетом пропускной способности участков и перерабатывающей способности станции.

Аула ТЛЕУБАЕВА

ЦИФРА НОМЕРА

945

ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ
НАЦИОНАЛЬНОГО
ПЕРЕВОЗЧИКА БУДЕТ
СПИСАНО ДО 2029 ГОДА

КӨКЕЙКЕСТІ

КОРОНАВИРУС ҚАУІПСІЗДІГІ:
ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ КӨШТІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетовтың төрағалығымен бүгінгі күннің ахуалына байланысты селекторлық кеңес өтті. Оған өңірлердегі жол бөлімшелерінің басшылары қатысты.

Даниял ХАМИТ

ҚР Президентінің 2020 жылдың 15 наурыздағы «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайлар енгізу туралы» Жарлығына сәйкес және «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері арасында COVID-19 коронавирусы індеті таралуының алдын алу мақсатында компания басшылығының арнайы бұйрығы шығарылып, сонымен қатар аталған індет пандемиясына байланысты төтенше жағдайды басқару жөніндегі штаб құрылғаны хабарлаған Қанат Әлмағамбетов осыған орай кейбір категориядағы қызметкерлер қашықтан жұмыс істеу формасына ауыстырылып жатқанын жеткізді. Олар - зейнет және зейнеталды жастағы, созылмалы аурулары бар азаматтар, жүкті әйелдер, көпбалалы ата-аналар. Сондай-ақ үйінде отырып жұмыс істеу құқына ие, үш жасқа дейінгі балалары бар, балаларын жалғыз тәрбиелеуші және қарауында мүгедек баласы немесе зейнет жасындағы қарттары бар компания қызметкерлері екен.

– Пайдаланылмаған еңбек демалысы бар қызметкерлер негізгі жұмысына нұсқан келтірместен демалысқа кете алады. Сондай-ақ бұйрықта компанияның әкімшілік-басқарушылық құрамы үшін ыңғайлы жұмыс



кестесіне көшіру жайы қарастырылған. Қызметкерлердің ҚР аумағы бойынша және одан тыс жерлерге жолсапарлары алынып тасталды, – деп мәлімет берді Қанат Әлмағамбетов.

Селекторлық кеңесте сонымен қатар, барлық теміржол қызметкерлеріне коронавирусы індеті таралуын болдырмау мен алдын алу бойынша ұсыныстарды қатаң ұстануы бұйырылды. Соның ішінде жеке гигиеналық сақтықты күшейту, қолды үнемі жуып жүру, жұмыс орындарында қолғап пен медициналық бетпердені барынша пайдалану, т.б. шараларды сақтау – міндет.

– Жедел респираторлы вирустық инфекцияның белгілері пайда болған кезде жұмысқа шығуға болмайды. Тікелей басыны хабардар ету жеткілікті. Толық жазылғанға дейін сырқат парақшасын ашу үшін дереу дәрігерге жүгіну керек. Осы ақпаратты өз ұжымыңыздың барлық мүшесіне жеткізіңіздер,

өз өңірлеріңізде ТЖ режимін енгізгенге дейін күтпеңіздер, қазірден бастап шара қабылданыңдар, – деді Қанат Әлмағамбетов.

Бұл ретте ол жұмыс орынында барынша физикалық байланыстарды шектеу қажеттігін, соның ішінде мысалы қол беріп амандасу, құшақтап көрісу сынды байланыс формаларын бас тартуды, қажетті жағдайда шетелдік азаматтармен іскерлік келісім-шарттарды телефон немесе бейнебайланыс режимінде жүргізуді ұсынды.

Айта кетейік, коронавирусы пандемиясының жариялануына орай елімізде енгізілген төтенше жағдайға байланысты бүгінгі таңда еліміздегі жолаушылар пойыздарында, әр рейстен кейін оларды жуу мен зарарсыздандыру құралдарын пайдаланып өңдеу, санитарлық-профилактикалық режим күшейтілді.

Бүгінгі күнге дейін коронавирусы індетінің теміржолшылар арасында таралу дерегі тіркелген жоқ.

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

БИЛЕТЫ МОЖНО СДАТЬ
И В ЧАСТНЫХ КАССАХ

После того, как АО «НК «ҚТЖ» объявило о возврате денежных средств за билеты на поезда, движение которых приостановлено из-за чрезвычайного положения, люди ринулись на вокзалы.



Асель ШАЙХЫНОВА

Железнодорожники объявили, что деньги будут возвращены в полном объеме. Но все хотят срочно сдать билеты. В железнодорожных вокзалах в настоящее время в усиленном режиме работают 233 кассы АО «Пассажи́рские перевозки». Но все равно наблюдается ажиотаж, создаются огромные очереди. В то же время в более 100 частных кассах спокойно, без очередей и паники принимают билеты по всем направлениям и полностью выплачивают их стоимость.

Из-за пандемии коронавируса сотни стран, в том числе Казахстан, закрыли границы. Поменялось расписание движения поездов во внутриреспубликанском железнодорожном

сообщении. Чтобы не распространить инфекцию по всей стране, ограничен въезд и выезд на территории Нур-Султана и Алматы. Два города закрыты на карантин.

– Из-за коронавируса, конечно, у многих сорвались планы и поездки будь-то по работе или же по семейным делам. Все сейчас кинулись сдавать билеты. Многие говорят, что в кассах национального перевозчика образовались огромные очереди. Жаль, люди не понимают, что они спокойно могут пройти буквально десять метров и в соседней частной кассе сдать билет, получив на руки его полную стоимость. При этом, в нашей частной кассе удерживается только комиссионный сбор 350 тенге. В основном у нас сдают те люди, кто приобрел билет здесь. Но мы также принимаем железно-

дорожные билеты на все поезда национального перевозчика. Люди зря паникуют и создают себе неудобства. Двери частных касс открыты. Здесь нет очередей, духоты, возврат делается сразу, – говорит заведующая кассой «Нурлы жол А» в городе Нур-Султан Дана Макажанова.

К слову, таких касс только в столице более 10, также они есть во всех городах и регионах Казахстана. Полный список частных касс, где можно оформить возврат билетов, размещен на сайте АО «НК «ҚТЖ».

– Две недели назад я купила билет в Уральск из Нур-Султана. Думала наведу родных на Наурыз. Но в связи с пандемией пришлось поменять планы. Прибежала на вокзал, чтобы сдать билет. Я сначала заняла на всякий случай очередь сразу в несколько касс АО «Пассажи́рские перевозки» в здании вокзала Астана-1. Такая духота и давка, стоять долго, все люди в очереди нервничают, многие с детьми. О том, чтобы находиться в очереди на расстоянии не менее двух метров друг от друга, соблюдать режим карантина, и речи быть не могло. Пока стояла в очереди зашла на сайт ҚТЖ и прочла информацию о том, что, оказывается, билет можно сдать и в частной кассе, при этом получив всю его стоимость. Решила проверить – перешла в здание старого вокзала. Здесь же совсем другая картина. Сидишь спокойно, без очереди сдаешь билет. Деньги вернули, билет приняли без слов. Вместо того чтобы терять в очереди несколько часов, у меня ушло пару минут, – говорит пассажирка Айжан Ахметжанова.

В целом по Казахстану таких частных касс более ста. В то же время для удобства пассажиров кассы АО «Пассажи́рские перевозки» переведены на круглосуточный режим работы.

– Просим пассажиров отнестись с пониманием к процессу возврата билетов, так как они может занять определенное время из-за большого количества поступающих запросов. Нагрузка на билетных кассиров возросла многократно. Мы осуществляем полный возврат денежных средств как в своих, так и в частных кассах. Причем это можно сделать в удобный для пассажира день, без каких-либо штрафных санкций, независимо от даты отправления поезда, начиная с 16 марта этого года и на протяжении шести месяцев. Мы обеспечили наши 233 кассы дополнительными наличными средствами, возврат производится на месте, за исключением отдельных случаев, когда отсутствует достаточное количество наличности в тех или иных кассах. В таких редких случаях гасится билет, и пассажир может получить свои деньги в любое время, – поясняет директор департамента маркетинга и продаж АО «Пассажи́рские перевозки» Алмас Айтбаев.

Фото Александра ЖАБЧУКА

АҚПАРАТ

БІР КҮНДІК
ЖАЛАҚЫЛАРЫН АУДАРДЫ

Әлемдік пандемия төңірегіндегі ахуалға байланысты Қазақстанда Президент әкімшілігінен бастап барлық мемлекеттік органдар мен компания қызметкерлері бір күндік жалақыларын коронавирусыға қарсы күреске аударуда. Олардың қатарында теміржолшылар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері де бар.

Аталған қаржы карантин енгізілген Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы COVID-19 коронавирусы эпидемиясымен күреске қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға, халықтың әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарын, көп балалы отбасылар мен мүгедектерді, жұмыссыз қалған азаматтарды қорғауға бағытталды. Ел басына күн туған шақта барлық қазақстандықтар бір мақсат жолында күш біріктіру арқылы ғана індетті жеңу – міндет деп санайды.

Еске сала кетсек, елімізде 2020 жылдың 19 наурызы бойынша коронавирусы жұқтырғандар саны 44 адамға жетті. Соның ішінде Алматы қаласында – 19 адам, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша – 25 адам болды. Бейсенбіде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 7 науқас тіркеліпті, олардың бәрі – Қазақстан азаматтары. Жастары 25-52 аралығында. Бұрын барлығы да ауырған адамдармен байланыста болған. Стационарда емдеуге алынған бұл азаматтар карантинде жатыр.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде өткен жиында филиал басшысы Ермекбай Ерманов Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 коронавирусының пандемия деп жариялануына байланысты жедел штаб құрылғанын мәлімдеді.



Штаб бастығы болып Шымкент ЖТ бөлімшесінің директоры Е.Ерманов бекітілсе, Шымкент магистральді желі бөлімшесінің директоры Марат Оналлов оның орынбасары, басқа жауапты тұлғалар штаб мүшелері ретінде таныстырылды. Сондай-ақ оларға жеке-жеке тапсырмалар жүктелді. Бұдан бөлек аталған ЖТ бөлімшесіне қарасты кәсіпорындардың және станциялардың басшыларына төтенше жағдайды басқаратын штаб құру керектігі тапсырылды. COVID-19 коронавирусының таралуына және алдын алу үшін ұсынылған кестелерді қатаң сақтауға шақырды.

– Өзіңіз көріп тұрғандай ғимараттың кіреберісіне антисептик орнатып, қатерлі коронавирусы туралы баннерлер дайындадық. Бұдан бөлек, әрбір теміржолшыға, қызметкерге маска тағуды, тазалық пен қауіпсіздік, жеке гигиеналық шараларды қатаң сақтауды талап етеміз. Бөлімше антисанитарияға қатысты қажетті медициналық құрал-жабдықтарға тапсырыс беріп үлгерді. Бұл жоспарланбаған шығын болғандықтан, олар осы аптада жеткізіледі, – деді кадр бөлімінің бастығы Серік Тілеуімбаев.

Сонымен қатар Шымкент станциясына қарасты вокзалда тұрғындарға арналған жадынамалар таратылып, арнайы плакаттар ілінгені, ескерту және дыбыс зорайтқышпен коронавирустың қауіпті екендігі туралы үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп жатқаны айтылды.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент Суретті түсірген автор

ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПОЙЫЗДАР ТОҚТАДЫ

Атырау арқылы өтетін халықаралық бағыттағы жолаушы пойыздарының қозғалысына шектеу қойылды.

Бұл туралы Атырау облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясы теміржол көлігін бақылау бөлімінің басшысы Сырымбет Қостаев мәлім етті. «Төтенше жағдайға байланысты және коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында Атырау арқылы өтетін халықаралық «Мәскеу-Ташкент», «Мәскеу-Душанбе», «Куляб-Мәскеу», «Саратов-Ташкент» бағытында қатынайтын пойыздар қозғалысына шектеу қойылды. Ал, «Атырау-Астрахань» аралығындағы пойыз жұп күндері ғана жүреді. Әзірге оның жүрісін шектеуге қатысты нұсқау берілген жоқ», деп мәлімет берген құзырлы мекеме өкілі бұл мәселеге байланысты ақпараттар мен өзгерістерді қосымша хабарлайтындарын жеткізді.

Қосұым МҰҚАШЕВ, Атырау

КАССАДАҒЫ КЕПТЕЛІС



Атырау вокзалында адамдар қарақұрым. Олардың дені – жолынан қалған жолаушылар. Елдегі төтенше жағдайға байланысты халық абыржып қалған. бұрын сатып алған билеттерін қайтару үшін жолы болмаған жолаушылар кассада сағаттап кезек күтіп тұр.

Олар тек халықаралық бағыттардың ғана емес, қазақстандық, әсіресе, карантинге жабылған Нұр-Сұлтан мен Алматыға қатынайтын пойыздардың билеттерін кері тапсыруда. «Бірақ ол бағыттарға пойыз қатынамайды дегенді білдірмейді. Алматыға жүретін пойыз Шу станциясына дейін, ал Нұр-Сұлтанға баратын пойыз Бурабайға дейін ғана барады» дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесі директорының вокал шаруашылығы бойынша орынбасары Айбек Қуанышев.

Жолаушылар тапсырған билет ақшасын қайтарып алу үшін ұзақ күтіп қалуда, себебі дерекқор нашар жұмыс жасауда. Алайда, егерде кассада қолма қол ақша болмаған жағдайда, адамдарға түбіртек беріледі, сол арқылы жолаушы кез келген уақытта ақшаларын қайтара алады. Ал сақтық шараларына сәйкес, вокзал ішінде дезинфекциялау жұмысын «СанЭко» ЖШС 15 наурызда жүргізген. Одан кейінгі зарарсыздандыру жұмыстары вокзалдың өз қызметкерлерінің күшімен орындалуда. «СанЭко» өңірдегі 18 вокзалға бір мәрте дезинфекция жұмысын жүргізді, бірақ біз енді айына кем дегенде үш рет сондай жұмыс жасауды сұрап отырмыз» дейді Айбек Қуанышев.

Қосұым МҰҚАШЕВ, Атырау

Суретті түсірген автор

ПРОФИЛАКТИКА
КҮШЕЙТІЛДІ

Астана ірілендірілген жол дистанциясында да басқа теміржолдың құрылымдық мекемелері сияқты коронавирус бойынша профилактикалық шаралар күшейтілді.

Дистанцияның еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженері Жанна Мәжитованың айтуынша, бүгінде мекемедегі әрбір жұмыс күні осы індет бойынша шағын қауіпсіздік жиынын басталады. Жол шаруашылығы мекемесінің барлық телімдері, цехтары және колонналарында аталған дертке қатысты, одан сақтану шаралары жөнінде ақпараттық биолетендер ілінді. Жұмысшылар арасында жұқпалы індеттің таралуына жол бермеу үшін қажетті профилактикалық заттармен қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, арнайы қолғаптар, беттүмшалалар, антисептиктер, кір сабын, тағы да басқа зарарсыздандыру құралдары қойылған. Сонымен қатар дистанцияның инженерлік-техникалық қызметкерлері қашықтан жұмыс режиміне көшірілді.

Ұлан ОРАЗ

ҚОЗҒАЛЫСҚА
ҚАУІП ТӨНДІРДІ

Жеңіл табыс табуды ұрлық деп түсінгендер пойыздар қозғалысына қасақана қауіп төндіріп, теміржол мүлкіне қол салғаны – қылмыстың ең ауыр түрі.

Оқиға 28 қаңтар күні болған еді. Аталған дерек бойынша Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің криминалдық полиция бөлімі қылмыстық іс қозғап, қазір сотқа дейінгі тергеп тексеру амалдары жүргізілуде.

– Сол күні сағат 16:30-да Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің ғимаратында орналасқан пойыздар жүрісін қадағалаушы Маңғыстау-Бейнеу телімі диспетчерінің мониторында №16-15 бекет аралығы блок учаскесінің бағдарламалары жалған жабылу сигналдарын көрсетеді. Бұл туралы пойыз диспетчері тез арада белгі беруші және байланыс дистанциясы диспетчеріне (ШЧ-10) хабарлайды. Ақаулықты түзету және оның неден болған нақты себебін анықтау мақсатында ШЧ-10 байланыс диспетчерінің бұйрығымен №15 пен №16 бекеттерде күнделікті жоспарлы жұмыстарды орындап жүрген СЦБ электромеханиктері Н.Есмағанбетов, М.Салихов жіберіледі. Электромеханиктер оқиға орнына келгенде 372-шақырымның бірінші пикетінде, 360-шақырымның сегізінші пикетінде орналасқан теміржол көпірінің жанынан асбест құбыр ішімен өтіп жатқан теміржол бағдарламалар мен релелік сигналдардың жұмысын қамтамасыз ететін кабельдің бөгде адамдар тарапынан балтамен шабылғанын көреді. Жалпы ұзындығы 270 метр кабель қолды болған, – дейді осы жөнінде ақпарат берген Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің сектор меңгерушісі Аманбай Аққұлов.

Сол сәттегі жағдайды өз бақылауына алған пойыз диспетчері М.Айтжанов сағат 17:00-де ЦАБ АЛСО әрекетін тоқтатқаннан кейін пойыздар қозғалысын станция кезекшілеріне телефон арқылы, жазбаша жол парақшасымен жүргізуді тапсырады. Орын алған ақаулық сол күні түнгі сағат 22:20 толықтай қалпына келтіріледі. Ұрланған кабельдің шығын көлемі 346 447, 8 теңгені құрайды.

Шахид ЖҰМАН, Маңғыстау

ҚАУІПСІЗДІК

ІНДЕТТІ ЖЕҢУ – МІНДЕТ

Әлем елдеріне тарап жатқан пандемиялық індеттің ел аумағында өршуіне тосқауыл қою үшін жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жайында Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі бастығының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Бейбіт Садықбеков айтып берді.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Оның сөзінен білгеніміздей, өңірдегі теміржол саласында санитарлық-эпидемиологиялық шараларды, дезинфекция, дезинсекция және осыған ұқсас қызмет түрлерін келісім негізінде мердігер компания «Жамбыл-Теміржол-Дезинфекция» ЖШС атқаруда екен.

«Басшылық тарапынан коронавирусқа қатысты арнайы іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Ең бастысы, осы аптаның ішінде вокзал шаруашылығы департаментінің тапсырысы негізінде коронавирустық инфекцияға қарсы препараттар толығымен жеткізіледі. Станциялар мен вокзалдардың тазалығы – басты назарда, халық жиналатын жерлердің ауасы жиі тазартылып жатыр», – деген Б.Садықбеков әр күн сайын Жамбыл теміржолы басшылығы кеңейтілген жиын өткізіп,



АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

ЛОГИСТИКАЛЫҚ СЕРПІН БАР

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Ақтөбе филиалындағы логистика қарқын алуда. Баға мен сапа жағынан бәсекелестік туған шақта ақтөбеліктердің ұтар тұсы көп. Тасымал қызметіне өңірдің географиялық орналасуының қолайлы тұстары пайдасын тигізіп отыр. Өңір өлемдік сауда ошағына айналып отырған Қытай, Польша, Ресей, Германия, Бельгия, Франция, Англия елдерімен байланыста.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе ЖТ бөлімшесі логистика және жүк тасымалдауды ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Берік Әлиевтің мәліметінше, аймақ теміржолшылары 2019 жылдың 12 айында 21 мың тоннаға жуық жүк жөнелтті. Ал 2020 жылдың 2 айында тасымалданған жүк көлемі 3 мың тоннаға жуық. Жоспар 111,3% пайызға орындалып отыр.

– Биылғы жылдың аяқталысы жаман емес, 3 мың тоннаға жуық жүк тасымалданды. Жүктің негізгі бөлігі құрылыс заттарына тиесілі – 45,9 пайыз, хром рудасы – 25 пайыз, түсті кендер – 14,6 пайыз, мұнай – 5,3 пайыз, қара металл – 3,1 пайыз, басқа да химиялық заттар, астық, әртүрлі жүк көлемі бар. Әсіресе жол жөндеу жұмыстарына қиыршық тас

жеткізуге қатысты тапсырыс көп. Екі айда 5 132 вагон 345 143 тонна қиыршық тас жөнелтілді. Олар Қарауылкелді, Қандыағаш, Темір аудандары мен Атырау облысына жеткізілді, – дейді логистика маманы.

Айтуынша, өңірде негізінен құрылыс заттары көп тасымалданады. Себебі, Ақтөбедегі құрылыс зауыттарының өнімі ел аумағында ғана емес, теміржол арқылы шет мемлекеттерге де жеткізіліп

«Коронавирустың алдын алу шаралары туралы» хаттамалар тоқтырылып, қауіпсіздік шараларының алгоритмі жасалғанын жеткізді.

Сондай-ақ, қазіргі таңда «Жолаушылар тасымалы» АҚ кассирлері, жекелеген агенттіктері, инспекциялық қызмет инспекторлары, станцияның жалға алушылары – барлығы қорғаныш маскасын тағу режиміне көшірілген. Өнеркәсіптік техникалық қызметкерлер үш сағат сайын дезинфекциялық жұмыстар жүргізіп, бөлмелерді ылғады түрде тазалайды.

Тараз теміржол вокзалын аралау барысында арнайы бейнеэкран арқылы тәулік бойы жолаушыларға коронавирустың алдын алу шаралары туралы деректі сюжеттер көрсетіліп тұратынын байқадық. Станцияларға кіру және шығу есіктерінің тұсына антисептикалық құрылғылар орнатылған. Сонымен қатар көпшілікке қажетті мәліметтерді дауызорайтқышпен хабарлап отыратын кезекші қызметкер – диктор коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы жиі қайталап, ақпарат беріп жатты.

«Аймақтағы барлық вокзалдарға коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша нұсқаулықтар орналастырылды. Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы пандемиялық жағдайға байланысты үнемі жұмыс режимінде. Олар аталған оқиғаларға қатысты ережелердің сақталуын тұрақты түрде бақылап отыр», – деп атап өтті бөлімше бастығының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары.

Суретті түсірген автор

отыр екен. Өткен жылды жалпы жүктеменің 86,6% қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарға тасымалдана, 13,4% ел аумағынан тыс жерлерге жеткізілген.

Маман елімізде көлік инфрақұрылымын дамыту мен интеграциялау бағдарламасын іске асыру жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын, соның ішінде көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту жөніндегі «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан жобаларға тоқталды.

– Елімізде көлік логистикасы экономиканың тұрақтандырғыш рөлін атқарып отыр. Оның ішінде жүк тасымалының негізгі бөлігін қамтып отырған теміржол саласының маңызы зор екені түсінікті. Бізде өткен жылы 20 893 937 тонна жүк тиелді. Жұмыс көлемі бұдан да орасан болатын еді. Тапсырыс көлемі артқан қазан айында вагондардың жетіспеушілігі қиындық туғызды. Қүзде тәулігіне 706 вагонға дейін тапсырыс берілді. Бұл жағдай қараша айында да жалғасты. Елімізде көлік инфрақұрылымын дамыту мен интеграциялау бағдарламасын іске асыру жұмыстары да қарқынды жүрде. Соның ішінде көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту жөніндегі «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бірнеше жоба көзделді. Оның негізгі үлесіне республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау жұмыстары әлеуметтік салаға да ықпал етті. Көптеген жұмыс орындары ашылды. Теміржол арқылы құрылыс материалдары тоқтаусыз жеткізіліп жатыр. Ақтөбе-Мақат республикалық автожол учаскесін қайта құру жобасы қарқынды жүрде. Бүгінде Ақтөбе облысындағы Астраханға дейінгі 319 км Ақтөбе-Атырау-Ресей Федерациясының шекарасын қайта құру жұмыстары басталды.

Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүк тасымалы өткен жылы 33,669 вагон 2322,541 тоннаны құраған. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысына «Монтаж Инжиниринг» ЖШС-не 2 732 вагон 216 196 тонна, Атырау

«ЕЛІМІЗДЕ КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚТАНДЫРҒЫШ РӨЛІН АТҚАРЫП ОТЫР. ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІГІН ҚАМТЫП ОТЫРҒАН ТЕМІР-ЖОЛ САЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР ЕКЕНІ ТҮСІНІКТІ. БІЗДЕ ӨТКЕН ЖЫЛЫ 20 893 937 ТОННА ЖҮК ТИЕЛДІ.»

қаласындағы «Шанхай Констракшн Групп» АҚ-на 2 830 вагон 194 345 тонна құрылыс материалдары тасымалданған, – деп мәлімет берді Берік Әлиев.

Орталық Азияны Еуропамен байланыстыратын халықаралық дәліз ролін атқаратын Ақтөбе өңірінде теміржолмен қатар автожолдарды да дамытудың логистиканың қарқын алуына айрықша серпін берері сөзсіз.

МАЙТАЛМАН

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕНДЕР

Темір екеш темір де тозып, сыр береді. Техниканы қайта қалпына келтіруде өндірістік цехтың, ондағы темірден түйін түйген шеберлер еңбегі ерекше екенін айтпаса да түсінікті. Бұл орайда, теміржол техникаларын жөндейтін механикалық цех жұмысының қозғалыс пен қауіпсіздіктің сақтауына қосып отырған үлесі ұшан-теңіз екенін сырт көз біле бермейді.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Түркістан

Шымкент жол дистанциясының механикалық цех бастығы Бақтияр Қанайбеков бастаған 25 адамның дені темірден түйін түйгендер десек, қателеспейміз. Цех бастығының еңбек өтілі 11 жылды құрайды, байырғы темір шеберлерінің алды – 20-25 жыл осы цехта еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі слесарьлар мен дәнекерлеушілер, электротрикер, машинистер, ағаш ұстасы, т.б.

Шымкент жол дистанциясы құрылғалы қатар жасасып келе жатқан цехтағы техникалар мен станоктар негізін сонау кеңес заманынан келе жатқан «көнеңі көзі» құрайды.

– Мұнда қажетті құрал-жабдықтардың 80% ескірген. Шыны керек,

өткен ғасырдың 50-60-шы жылғы станоктар ғой. Өндіріс болған соң қиындық болмайды емес, болады. Цехқа көбіне бұзылған техникалар жеткізіледі. Рельс, шпал, машиналар, дрезиналар. Солардың бәрін жөндеп, қайта қалпына келтіріп, қатарға қосу – айтуға оңай. Мысалы, бізге әкелетін дрезиналардың өзі 70% ескірген. Алайда, осыған қарамастан біз цехқа жөндеуге келген ол техникалардың бәрін жөндеп, жетпеген қосалқы бөлшектерді сатып алып, бір-біріне құрап, жамап-жасқап, қатарға қосамыз, – дейді цех бастығы Бақтияр Қанайбеков.

ПЧ-53 механикалық цехында техникалық жөндеу жұмыстары жыл он екі ай бойы жүргізіле береді, аптасына кемі 10 шақты техника жөндеуге келіп түседі екен. Мұндағы жұмысшылардың



өтініші – цехтың жанынан арнайы бокстар салына дейді. Себебі, кейде ауыр машиналарды, көліктерді ашық аспан астында тұрып жөндеуге мәжбүр. «Қыс демей, жаз демей, жауын-шашын мен оңтүстіктің аптап ыстығында ашық аспан астында еңбек етеміз. Егер арнайы бокстар салына, жұмысымыз бұрынғыдан да өнімді болар еді» деген цех жұмысшыларының уәжі орынды

екені анық. Еңбек қорғауға бөлінетін қаржы осындай игі істерге жұмсалса керек. Қандай жағдайда да теміржолдың тіршілігін тоқтатпай, бір техника болсын мүлтіксіз жөндеп, қатарға қосып жатқан теміржол мекемесінің ұстаханасында тынымсыз еңбектеніп жатқан темір шеберлерінің еңбегін қорғау қажет дер еді.

Суретті түсірген автор

АКТУАЛЬНО

КОРОНАВИРУС ВНЕС КОРРЕКТИРОВКИ

Из-за режима чрезвычайного положения в Казахстане ограничено курсирование поездов соседних железнодорожных администраций, заезжающих на территорию Казахстана, а также следующих транзитом.

Асель ШАЙХЫНОВА

Среди них: Ташкент – Москва, Бишкек – Москва, Андижан – Москва, Бишкек – Шу, Ташкент – Казань, Барановичи – Караганда, Куляб – Москва, Ташкент – Ургенч – Волгоград, Душанбе – Москва, Ташкент – Ургенч – Саратов, Ташкент – Москва, Худжанд – Москва, Томск – Караганда, Челябинск – Ташкент, Ташкент – Новосибирск, Андижан – Уфа, Ташкент – Уфа, Бишкек – Новосибирск, Томск – Риддер, Мискен – Бейнеу.

Кроме того, отменено курсирование междоуездных и пригородных поездов АО «Пассажирыские перевозки», а также сокращены маршруты следования некоторых поездов. Их полный перечень размещен на сайте национального перевозчика.

Национальный перевозчик отмечает, что о возобновлении движения будет объявлено дополнительно.

При этом, неиспользованные проездные документы в отмененные поезда можно вернуть. За возвратом денежных средств пассажирам необходимо обращаться в кассы на территории государства приобретения билета. Электронные проездные документы пассажиры могут сдать с помощью веб-ресурсов, через которые они были оформлены.

Также отменено курсирование поездов на станциях Нур-Султан и Алматы. Решением



государственной комиссии от 18 марта 2020 года по обеспечению режима чрезвычайного положения жителям и гостям городов Нур-Султан и Алматы разрешен выезд либо выезд пассажирскими поездами до 00.00 часов 22 марта текущего года.

« **НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕРЕВОЗЧИК ОТМЕЧАЕТ, ЧТО О ВОЗОБНОВЛЕНИИ ДВИЖЕНИЯ БУДЕТ ОБЪЯВЛЕНО ДОПОЛНИТЕЛЬНО.** »

В этой связи отменяется курсирование пассажирских поездов, сформированных на узлах Нур-Султан и Алматы, а также поездов с конечным пунктом назначения в городах

Нур-Султан и Алматы с 00.00 часов 22 марта 2020 года.

Таким образом, начиная с 18 марта 2020 года, отменяются маршруты пассажирских поездов из других регионов страны, которые по расписанию должны прибыть после 00.00 часов 22 марта 2020 года в города Нур-Султан и Алматы.

Продажа билетов на вышеуказанные пассажирские поезда не производится.

Также с 00.00 часов 22 марта 2020 года запрещается высадка и посадка пассажиров на вокзалах городов Нур-Султан и Алматы.

В этой связи будет обеспечиваться безостановочный проезд транзитных пассажирских поездов через данные города.

До истечения режима карантина движение пригородных пассажирских поездов городов Нур-Султан и Алматы также отменяется.

РАЦИОНАЛИЗАТОРСТВО

ИДЕЯ – ТРЕНИНГ ИНТЕЛЛЕКТА

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо по плану на 2020 год необходимо внедрить три рационализаторских предложения.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

– Наш постоянный рационализатор Алексей Пермяков, можно сказать, находится на переднем крае этого движения. Он постоянно предлагает новые технические решения, – говорит начальник производственно-технического отдела Дидар Бурбаев. – В конце прошлого года Алексей внес рационализаторское предложение, которое называется «Установка светодиодного индикатора и фотореле на тепловозе серии ТЭЗ3А в цепь подкузовного освещения для продления срока службы осветительных приборов».

